



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№47 (903) Сәрсенбі 20 қараша 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында берген тапсырмаларын орындау, ішкі нарықтағы тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру мәселелері қаралды. Жиынға жауапты министрліктер қатысып, өңір әкімдіктері онлайн байланыс арқылы қосылды.



Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен арнайы мәжілісте талқыланған мәселелер бойынша бірқатар тапсырмалар берілді.

«Мемлекет басшысы бытырғы Жолдауында алдағы 3 жылдың ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға дейін арттыру міндетін қойды. Өңіріміздегі тауарлы сүт фермаларын, құс етін, жұмыртқа өндіретін фабрикаларды, мал бордақылау алаңдарын көбейтіп, агроөнеркәсіп кешенін индустриаландыруды белсенді түрде жалғастыруымыз қажет.

Елімізді Еуразияның негізгі көлік-логистикалық орталығы ретінде құру – Мемлекет басшысының негізгі басты ұстанымы. Облысымыздың бұл салада әлеуеті зор. Біздің өңіріміз арқылы халықаралық көлік және теміржол дәліздері «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Транскаспий бағыттары» өтеді. Ауыл шаруашылығы, сауда-логистикалық әлеуетімізді

барынша пайдалануымыз қажет. Одан бөлек, бақша, көкөніс өнімдерін де экспорттауға зор мүмкіндік бар. Логистика мен сақтау қоймалары жүйесін жетілдіріп, экспортталатын өнім түрлерін кеңейту керек», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, биыл 496 мың 400 тонна күріш жиналып, орта өнім гектарына 58 центнерден келді. Алдағы жылдың егісіне қажетті 21 мың 500 тонна тұқым лазермен тегістеді. Нәтижесінде сүдү үнемдеп, өнімділікті 30 пайызға арттырды.

Биыл 8 млрд. 800 млн. теңгеге 250 ауыл шаруашылығы техникасы алынып, машина-трактор паркi 5 пайызға жаңаланды. Күзгі егін жинау науқанына 4 440 техника қатысып, жұмыс мерзімінде аяқталды.



ТАПСЫРМА ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ ҚАЖЕТ

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен мәжілістен кейін қала әкімдігіндегі арнайы жиында шаһар басшысы Нұржан Ахатов жауапты сала басшыларына көтерілген мәселелер бойынша бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Қала әкімі ең алдымен ішкі нарықтағы тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру, базарлар мен сауда орындарындағы санитарлық тазалықты реттеу қажет деді. Сонымен қатар, қоғамдық тамақтану орындарына бақылауды күшейтіп, түнгі мезгілдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ішкі істер органдарымен бірлескен

рейттік шараларды ұйымдастыру жөнінде талап қойды.

Қазіргі таңда барлық коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Көпқабатты тұрғын үйлерге, әлеуметтік нысандарға қалыпты деңгейде жылу берілуі. Күнделікті қоғамдық көліктердің жүру уақыты мен интервалына бақылау жүргізіледі. Шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы жиын соңында осы бағыттағы шараларды жалғастырып, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қажетті жағдайларды жасауымыз қажет деді.



ҚАРЖЫГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Ұлттық валюта күніне орай қала әкімдігінде салтанатты жиын өтті. Шарада қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қаржы саласының бірқатар қызметкеріне қала әкімінің «Алғыс хатын» табыстап, мерекелік лебізін білдірді.

«Еліміздің экономикалық қуатын еселеп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын арттыру қаржы саласындағы жемісті еңбекпен тікелей байланысты. Бүгінгі таңдағы бұл жетістіктерге қызылордалық қаржы саласы қызметкерлерінің де қосқан үлесі аз емес. Осы орайда Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Еңбектеріңіз әрдайым табысты бола берсін. Ел игілігі жолында қарышты қаламмен жана жетістіктерге жете беріңіздер», – деді Дархан Есәліұлы.

Айта кету керек, ұлттық валютаның айналымына енуі – Қазақстанның экономикалық кеңістігін қалыптастырып, халықаралық аренада танылуына ерекше әсер етті. Күрделі кезеңдерді еңсеріп, Тенгені енгізу арқылы қаржылық тәуелсіздікке жол ашылды.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕР

Шетелдік жоғары оқу орындарында оқитын студенттер МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесін қалай ала алады, жұмыс істейтін студент үшін медициналық сақтандыру төлемі қажет пе? Осы және басқа да сауалдарға «Болашақ» университетінің, Қызылорда жоғары кәсіптік колледжінің оқытушылары мен студенттерімен кездесу барысында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының мамандары жауап берді.

Қызылорда облысында жоғары және орта оқу орындарында 35 мыңнан астам студент білім алады. Олардың барлығы МӘМС жүйесінде сақтандырылған, сондықтан медициналық қызметтердің толық пакеті қолжетімді, деп атап өтті Қордың облыстық филиалының бөлім басшысы Ғалымжан Салықов.



QOLDAU 24/7 | 1414 | SAQTANDYRYBOT

Спикердің ақпараты бойынша, «МӘМС туралы» Заңның 26-бабына сәйкес, күндізгі бөлімде оқитын студенттер, МӘМС жарна-

лары мемлекет есебінен төленетін азаматтардың жеңілдетілген санатына жатады. Сол себепті жұмыс беруші күндізгі бөлімде оқитын студенттер үшін жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылатындығын атап өтті. Сонымен қатар, күндізгі оқу орнында оқитын студенттер жеке кәсіпкерлік немесе жалдамалы жұмысшы болса да, жеңілдік санатын сақтайды.

Шетелде оқитын студентті мемлекет есебінен сақтандыруға бола ма деген сұраққа спикер бұл үшін eGov порталындағы «Шетелде білім алатын студенттерді тіркеу» ақпараттық жүйесіне тіркелуін және мемлекеттік қызметін пайдалану қажеттігін айтты. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі өтінімді карап, тіркеген соң, студенттер МӘМС жүйесінде автоматты түрде сақтандырылады. Оқу үрдісінің әр семестрінен кейін өз оқуын растап отыру маңызды екенін жеткізді.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Ағымдағы жылдың 13-17 қараша күндері аралығында Ерлан Нысанбаевты еске алуға арналған бокстан жасөспірімдер арасында 5 күнге созылған республикалық ашық турнир өз мәресіне жетті. Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Шыңғыс Сыдықов, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов, бокстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бірнеше дүркін Қазақстан Республикасының және халықаралық жарыстардың жеңімпазы Мұхит Амантаев, Ерлан Нысанбаевтың ағайындарының атынан Қармақшы ауданының Құрметті азаматы Сақтапберген Медеуов құттықтау сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Ауданда дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан турнирге Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінен және Атырау, Алматы, Ақмола, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда облыстары мен Алматы, Астана қалаларынан барлығы 16 команда, 300-ге жуық спортшы қатысты. Спорттық шараның негізгі мақсаты – Ерлан Нысанбаевты еске ала отырып, жасөспірімдер арасында бокс спортын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, боксшылардың спорттық шеберлігін шыншау болып табылды.



Республикалық турнирдің қортындысы бойынша ауданымыздың спортшылары 50 кг салмақ дәрежесі бойынша Жұмахмет Диас жеңімпаз атанса, 54 кг салмақта Алтынбек Алішер, 70 кг салмақта Есенбек Дінмұхамбет жүлделі II орын және 50 кг салмақта Әбуұлы Дамир III орынға ие болды.

Сондай-ақ Жұмахмет Диас үздік боксшы номинациясына ие болды.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

• Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, ер бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!

• Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі тұса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Ағымдағы жылдың 16 қараша күні Жосалы кенті, Дене шынықтыру – сауықтыру кешенінде «Нашақорлыққа жол – ЖОҚ» жобасы аясында волейболдан мекеме қыз-

меткерлері арасында аудандық ашық біріншілік болып өтті. Аудандық жарысқа мекеме қызметкерлерінен құралған 5 команда 50 ге жуық спортшы қатысты. Жарыстың қортындысы бойынша

І орынды - Жосалы кенті әкімі аппараты;

II орынды - Аудан әкімінің аппараты және Мәслихаттан жасакталған «Жеңіс» командасы;

III орынды - Білім, Мәдениет, Қоғамдық даму және Спорт бөлімдерінен жасакталған «Қорқыт елі» командасы иеленді.

«Ел тілегі» ақпарат

ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ

Өнер үлкен күдірет. Оған әркімнің-ақ бар таласы. Бірақ бұл салада білікті ұстаздың рөлі қашанда зор. Өйткені бойдағы талантты шыңдап, оны көре білу де ұлық ұстазға тән қасиет. Осы орайда еңбегінің жемісін көріп, шәкірттерін талай додаларда сынға түсіре білген Бекбауыл ауылдық клубының әдіскері Айгүл Ақниетқызымен сұхбаттасқан болатынбыз.

«Өнер жолында талай оқушының, шәкірттің қанатын қатайтып, халыққа паш еткен клубта атқарылып жатқан жұмыстардың барысы қалай? Мәдени орталықтың тарихы қай уақыттан бастау алды?»

«Бекбауыл ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны 2005 жылдан бері халыққа қызмет жасайды. Тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалану, жасөспірімдерді патриоттыққа тәрбиелеу, ұлттық өнер мен салт-дәстүрімізді насихаттауда көптеген жұмыстар атқарылууда.

«Бүгінде бұл өнер мекемесінде қанша адам жұмыс жасайды?»

«Бүгінде клубымызда 5 адам жұмыс жасайды. Арнайы мамандарымызда бар. Ауылдағы іс-шаралардың ұйымдастырылуына ықпал етіп жүріміз.

«Ауылдық клуб үйінде қанша үйірме бар? Ауыл өнерпаздары қандай жетістікке қол жеткізуде?»

«Өнерлі ортаның өркендеуіне үлес қосып келе жатқан өнерпаздардан құралған «Көңілді ноталар» ән үйірмесі, «Домбыра», «Әлемей» би, «Драма», «Сырлы сөз» көркем сөз үйірмелері жұмыс жасайды. Әр үйірмеде атқарылатын жұмыстар да әр түрлі. Ауыл балаларын өнерге баулу жолында біршама жарыстарға да қатыстырып шыңдап келеміз. Нәтижесінде жаман емес. Өйткені бұндай жеңістің барлығы еңбек еткеніміздің арқасы. «Әрбір бала бір жұлдыз» демекші сол балалардың жарқырауына осындай үйірмелер арқылы жәрдем етіп келеміз.

Үйірме - тек сабақ беретін процесс емес. Мысалға алатын болсақ «Сырлы сөз» үйірмесінің өзінің берері

бар. Мұнда оқушылар көркем сөйлеуді сонымен қатар, әдеби шығармаларды нақышына келтіріп оқуды да үйренеді. Одан бөлек әдеби жарыстарға қатысып, қанжығаларына жүзде байлап келгендері үлкен жеңіс. Біздің орталықтағы би үйірмесінің де ойып тұрып алар орны бөлек. Қазіргі таңда әсіресе қыздарымыз биге әуес. Мың бұралған бишілеріміз барған жарыстарынан жүлдесіз қайтпайды. Мұнда жеткіншектердің би өнеріне деген ынталары ерекше. Түсінген адамға әр ығраққа қимылды түсірудің өзі өнер. Біз тәрбиелеп, қанатын қатайтып, өнерге қадам бастырған шәкірттеріміз биіктерден көрініп жатса, еңбектің ақталғаны.

«Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасы негізінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталасыз ба?»

«Жыл басынан бері «Адал адам» мәдени - тәрбие беру орталығы тұжырымдамасының 7 бағыты бойынша 81 іс-шара ұйымдастырылды. «ART уақыт» клубы бойынша 1 шығармашылық үйірме қосылды. «Шебер қолдар» үйірмесі. Құрамында талантты балалар шоғырланған. «Креативті HUB» бағыты аясында ай сайын жергілікті қол өнер иелерімен кездесу, шеберлік сағаттары ұйымдастырылады.

«Жан-я шауғы» бағыты аясында тәрбиелік мәні бар «Әжем айтқан ертегі» сынды мәдени - шара, байқау, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, қазақы құндылықтарды жаңғыртуға үлесімізді қосып келеміз. «Әлем book» клубы аясында ауылдық клубта «Абай даналығы жас ұрпаққа», «Сөнбес сауле», және тағыда басқа қазак жазушыларының шығармашылығына арналған



әдеби-сазды, танымдық кештер ұйымдастырылады. «Еріктілер» жобасы аясында ауыл жастары еріктілер тобының қатысуымен тазалық шаралары ұйымдастырылып, ерікті түрде көпшілікке қолғабыс етуде. «Сұхбат ТАІМ» жобасы аясында ауылға сыйлы еңбек аламымен сұхбат жүргізіледі. «Кино ПІМЕ» жобасы аясында апта сайын жас ерекшелігіне байланысты тәрбиелік мәні бар кинолар, мультфильмдер ұсынылады.

«Ауыл ішінде өнерлі әжелерден құралған топ бар ма? Негізі қалай қаланды? Қай жас аралығындағы әжелер өнер көрсетеді? Сахналық образдары қалай таңдалды?»

«Әжелер ансамбліміз бар. Көбінесе 22 наурыз, 8 наурызда көпшілік алдына шығып, дәстүрлі әндерді орындайды. Мереке сайын ауыл жұрты асыға күтеді. Негізгі құрамы тұрақты емес, дегенмен өнерге жақын, белсенді, әжелеріміз өнер көрсетеді. Сахналық кимешектерін бірлесіп отырып дайындаймыз. Ұлттық мейрамға айналған 22 наурыз күні іс-шараларда шауларын шашып, ақ тілектерін арнайды.

«Ауыл төңірегінде



мереке сайын шаралар ұйымдастырылып тұрады ма? Өрине мереке сайын шара ұйымдастырылып тұрады. Ұлыстың ұлы күнінде өтетін

мерекелік думандарға арнайы дайындығымыз болады. Үйірмелеріміздегі шәкірттер халыққа өнерлерін паш етіп, ықыласына бөленеді.

«Өзінше өнер саласынан алыс емес секілдісіз, қай оқу орнын бітіргенсіз, отбасыңыз жайлы айта кетсеңіз?»

«Әкем мен анам өнерге жақын адамдар. Мектеп қабырғасынан ән айтып, түрлі шараларға қатысып, қоғамдық жұмыстарға араласып өсіп, отбасымызбен ән айтамыз. Алланың берген таланты бар. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжін халық аспаптар бойынша бітіргенмін. Қорқыт ата атында Қызылорда мемлекеттік университетін «музыкалық білім» мамандығы бойынша тәмамдадым. 2010 жылы Ақтөбе облысы, Қандығаш қаласында «Қарлығаш» балабақшасында музыка жетекшісі қызметін атқардым. 2014 жылдан бері осы Бекбауыл ауылдық клубында әдіскер қызметін абыроймен атқарып келемін. Әдіскерлікпен қатар үйірмелерге жетекшілік жасаймын. Шәкірттерім облыстық, аудандық байқаулардың жүлдегерлері. Алланың берген 2 қыз, 2 ұлы бар. Оларда өнерден алыс емес. Көптеген байқаулардың жүлдегерлері.

«Осы саланың жұмысын жандандырып келе жатқаныңызға қанша болды?»

«Бір саланың қайнап жатқан қазанындағы несібеңді теру үлкен сый. Осы ауылдық клубта 2014 жылдан бері қызмет етіп келемін. Қарап отырсам 11 жылға жуықтапты. Суығы да ыстығы да болды. Женісте болды, жеңілісте болды. Бірақ бәрінен бұрын алға ұмтылдым, нәтижеге жұмыс жасаймын. Бәрі еңбектің, ынтаның арқасы.

«Алдағы уақытта өрнәсіңізді жоспарлауыңыз қандай? Қосымша үйірмелер ашу жоспарда бар ма?»

«Адам қанатсыз күспен тең» деген емес пе?! Міне, сол шындық. Жоспарымда шек жоқ. Тек жүзеге асырылуы сал қиындау. Өйткені ауылдық жер болғасын да көптеген жұмыстарға қатысып бар. Ол жасырын емес. Тағы да басқа үйірмелер ашқым келеді. Бәрі-бәрі алдағы уақыттың өрнәсіңіз деп қояйымын.

ҚАЗАҚТЫҢ БҰЛБҰЛЫ

Әнші Бибігүл Төлегенова 95 жаста

Өткен аптада Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Қазақстанның Халық әртісі, әнші Бибігүл Төлегенованың 95 жылдығына орай «Қазақтың бұлбұлы» атты ән кешін ұйымдастырды.

Шараның мақсаты – жастарға қазақтың бұлбұлы атанған опера әншісі, актриса әрі педагог, Социалистік еңбек ері, КСРО халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бибігүл Төлегенованың өмірі мен шығармашылығын жақын таныстыру. Шараға Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледж оқытушылары мен студенттері қатысып, әншінің репертуарындағы әндерін орындады. Шара барысында әншінің өмірі мен

шығармашылығына арналған көрме таныстырылды. Бибігүл Төлегенова – КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек ері, Алматы қаласы мен Шығыс Қазақстан облысы, Астананың құрметті азаматы, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының профессоры.

Бибігүл Төлегенова 1929 жылы 16 желтоқсан күні Семейде дүниеге келген.



Әкесінің есімі – Ахмет, анасы – Майнұр. Әкесі Бибігүлді

кішкентай кезінде Құлтай деп атап, еркелетеді екен. Қызын алғаш мектепке апарып, суда жүзуді де үйреткен сол кісі. Ал әншінің анасы әкесі сияқты емес, мейірімін ашық білдірмейтін жан болыпты. Баланың кей еркеліктерін көтермейтін, деп еске алады өзінің бір сұхбатында Төлегенова.

Гибраттың ғұмыр иесінің тұнық үнін талай буын тыңдап өсті. Ұлт мақтанышы Бибігүл Ахметқызы 70 жылдан астам сахнаның қазыны келтірді. Біртуар бұлбұл әншінің ән қоржынында қазақтың халық әндерімен қатар әлемдік музыка жауһарлары көптеп кездеседі.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРҒА АРТЫЛАР СЕНІМ ЖОҒАРЫ



Сот саласындағы жаңа реформалар халықтың жіті назарында. Қазіргі кезде қоғамда дербес кассациялық соттардың маңызы, мақсаты, бағыт-бағдары қызу талқыланып жатыр. Осының өзі ел тұрғындарының жыл өткен сайын құқықтық сауатының өсіп, заңнамалардағы өзгерістер мен толықтыруларға бейжай қарамайтынын, бастамаларға қатысты өзіндік пікір-ұсыныстарын білдіруде белсенді екенін көрсетеді. Қарапайым азаматтардан қойылатын сұрақтар көп болғандықтан, сот судьялары мен қызметкерлері де кассациялық соттың негізгі басымдықтарын таныстырып, түсіндіруді қолға алып келеді.

2024 жылы маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бұл заң нормалары Астанада үш дербес кассациялық соттың жұмысын бастауына жол ашты. Бүгінде осы соттарды ұйымдастыру, материалдық-техникалық жақтан қамтамасыз ету, сот корпусын білікті де тәжірибелі судьялармен толықтыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жақында жана соттардың жұмыс тәртібін заңнамалық тұрғыдан бекітуді көздейтін өзгерістер Сенат депутаттарының талқысына түсті. Бұл өзгеріске сай Қылмыстық процесс кодексіне, Азаматтық процесс кодексіне, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне және басқа да бірқатар заңдарға түзетулер енгізілді.

Бұл заңнамада кассациялық соттардың жұмыс сапасын жаңарту, халықтың сотқа жүгінудің тетіктерін онтайландыру көзделген. Мұндағы жаңғыртулар дамыған елдердің сот тәжірибесін салыстыра келе, еліміздегі бүгінгі жағдайды екішеп, қорытындылау нәтижесінде қалыптасып отыр. Мәселен бұрын кассациялық сотқа жүгінудің үшін талап қою сомасы 2000 АЕК-тен кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы 30

000 АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүлкіктік мүдделеріне байланысты даулар бойынша, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар мен ауырлығы аз қылмыстар бойынша шектеу болатын. Яғни, бұл шекті мөлшерден төмен сомалар болғанда іс кассациялық сотқа қаралмайтын. Жана заңда осы шектеулер алынып, сотқа деген қолжетімділікті кеңейтуге оң қадам жасалды. Сәйкесінде Азаматтық процесс кодексіне, Қылмыстық процесс кодексіне, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне өзгерістер енгізіліп, сот пен халық арасындағы байланысты нығайтуға көңіл бөлінді.

Жақында өткен Қазақстан Республикасы судьяларының ІХ съезіне қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот саласындағы жаңғыртуларға оң бағасын берді. Соның ішінде кассациялық соттарды енгізуге байланысты жұмыстардың нәтижелі болуына сенім білдірді. Осы тұрғыдан алғанда бастаған бастама халық көңілінен шығып, сотқа деген сенімді нығайта алса сот құрылымы үшін үлкен жетістік болмақ.

Ербол МӘТЖАНОВ,
Қызылорда облысы
Қармақшы аудандық соты
әкімшісінің басшысы

СЫР ӨҢІРІ ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ «ЕҢ ҮЗДІК» МӘДЕНИ АЙМАҒЫ



Бүгінде облыс бойынша 412 мәдениет, өнер және архив мекемесі жұмыс істейді. Соңғы үш жылда аймақта жаңа 21 нысан салуға қаражат бөлініп, 10 мәдени нысан пайдалануға берілсе, 11-і жыл соңына дейін қолданысқа берілетін болады. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Өңірлік коммуникациялар қызметіне берген мәліметі бойынша, келінгі 2 жылда сала бойынша 6 ұжым өз жұмысын бастап, 200-ден аса штат ашылған.

Мәселен, 10 жылға жуық уақыт үйірме ретінде жұмыс істеп келген "Жастар

шығармашылығын шыңдауға арналған "Инклюзивті театр" жобасы мақұлданып, қазір үйірме ретінде жұмыс істеуде. Сондай-ақ, көрерменге кәсіби әрі жанды дауыста өнер көрсету мақсатында 50 өнерпаздан жасақталған симфония оркестрі де құрылған.

Мемлекет басшысының «Адал адам» тұжырымдамасына сәйкес ақпан айынан бастап 171 мәдениет үйі мен клуб 7 бағыт бойынша «Адал адам – мәдени-тәрбие орталығы» жобасын іске асыруда. Бұл жоба ауылдағы мәдениет ошақтарының жұмысын қайта жандандырып, түрлі мәдени-танымдық форматтағы шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Одан бөлек, 1 маусымнан бастап облыстық және аудандық барлық кітапхана жұмысы ұжымдық шарт негізінде сағат түнгі 24.00-ге дейін жұмыс істеу режиміне көшті.

Сыр өңірі – еліміздің даму тарихында өзіндік орны бар киелі мекен. Аймақтағы тарихи жәдігерлерге жылдар бойы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесімен

«Шірік Рабат сак жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» реконструкциялары және «Түгіскен көсемі» мен «Жетіасар ақсүйек әйелі» мүсіндері жасалып, облыстық музей қорына табысталды. Ерекше айта кету керек, облыстағы мәдениет және руханият саласында атқарылған жұмыстарға Халықаралық Түрксой ұйымының шешімімен Сыр өңіріне түркі дүниесінің «Ең үздік мәдени аймағы» номинациясы берілді.

Сонымен қатар, Алаштың анасы атанған өңірдің мәдениетін еліміздің басқа аймақтарына насихаттау мақсатында өткен жылы Астана қаласының 25 жылдығына арналған Қызылорда облысының Өнер күндері ұйымдастырылса, биыл Алматы қаласының туған күніне орай «Сұлу Сырдан – ару Алматыға» атты кеш өтті. Бұл жоба келер жылы да өңірлер арасында жалғасын табатын болады.

Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі

ЖОЛ КАРТАСЫ АЯСЫНДА

атқарылған жұмыстар және жүк көтергіш крандарға қойылатын талаптар



2022 жылы «Елдің құрылыс объектілерінде өндірістік жарақаттанудың алдын алу және жүк көтергіш механизмдерінің (мұнара крандары) операторларымен байланысты өлім жағдайларын азайту жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы» бекітілген болатын. Аталған Жол картасында қарастырылған іс-шаралардың басты мақсаты өндірістік жарақаттанудың алдын алу және жүк көтергіш механизмдерінің операторларымен байланысты өлім жағдайларын азайту болып табылады. Осыған байланысты ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен тиісті іс-шаралар жүргізілуде.

Атап айтқанда, ағымдағы жылы Жол картасында көрсетілген іс-шаралар бойынша, жергілікті атқарушы органдардың алаңында жүк көтергіш крандарды қолдана отырып құрылыс жұмыстарын жүргізетін кәсіпкерлік субъектілерімен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сараптама жүргізу құқығына аттестатталған, қызмет мерзімін ұзарту мәніне жүк көтергіш механизмдерге техникалық куәландыру және сараптама жүргізетін ұйымдармен кездесулер өткізу, құрылыс алаңдарында жүк көтергіш механизмдерді пайдаланатын ұйымдардың қатысуымен техникалық кеңестер өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарында жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтау бойынша мақалалар жариялау және Қызылорда қаласы аумағында жүргізіліп жатқан құрылыс объектілерінде кран машинистерімен жүк көтергіш механизмдермен жұмыс жасау барысында өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтау бойынша түсіндірулер жүргізу бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Осы жүргізіліп жатқан іс шаралардың басты

мақсаты оқыс оқиғалар мен авариялардың алдын алу және болдырмауды қамтамасыз ету болып табылады. Жол картасы аясында атқарылатын іс-шаралар 2025 жылы да жалғасын табатын болады.

Қауіпті өндірістік объектілер үшін, оның ішінде құрылыс алаңдарындағы құрылыс крандарының өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету «Азаматтық қоғам туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №359 бұйрығымен бекітілген «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» қағидаларына және басқада нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік – физикалық және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі мақсаты – қауіпті объектілердегі оқыс оқиғалар мен авариялардың алдын алу және болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізу

болып табылады. Осы мақсатқа қолжеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті мамандардың болуы да ықпал етеді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі – басқарушылық шешімдердің, нормалар мен рәсімдердің құрылымданған жиынтығы, солар арқылы тәуекелдерді болдырмау және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау қызметі жүзеге асырылып, дамиды. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі қауіпсіздіктің техникалық және ұйымдық қамтамасыз етілуін қамтиды және функционалдық деңгейде нақты жағдайларда жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптары сақталғанда құрал-жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты өндірістік бақылау жүргізу қауіпті өндірістік объектілері бар әрбір ұйымның негізгі бағыты. Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне әсер ететін жағдайларды және бұзушылық себептерін айқындау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау міндеттері болып табылады.

Сонымен қатардағы уақытта қауіпті техникалық құрылыстардың, яғни жүк көтергіш механизмдердің иелері және жүк көтергіш механизмдерді жалға алып пайдаланушы ұйымдардың басшылары құрылыс алаңдарында және басқада өндіріс алаңдарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша ҚР

«Азаматтық қоғам туралы» Заңын, «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын» және т.б. қолданыстағы заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, мынадай іс-шараларды тұрақты жүзеге асырып отыру қажет:

- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің техникалық жағдайына бақылауды күшейту;
- құрылыс объектілеріндегі жүк көтергіш механизмдерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу;
- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің нормативтік қызмет ету мерзімінің өтуіне байланысты экспертиза жүргізуді қатаң бақылауға алу;
- жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істейтін персоналдардың практикалық және теориялық білімдерін үнемі жетілдіріп отыру;
- ұйымдағы қауіпті өндірістік нысандардағы технологиялық тоқтап қалу, апаттық жағдайдың алдын алу, хабарлау, жұмысын үйлестіру сонымен қатар болған апатты жағдайлардың залалын жою;
- ұйым еңбеккерлерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесі бойынша дайындығын ұйымдастыру, тексеру, аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын жақсартуға және үшінші тұлғаларға, қоршаған ортаға келтіретін зияндарды болдырмауға бағытталған шараларды әзірлеу;
- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында авариялар, қақтығыстар, технологиялық іркілістерді алдын ала ескерту және оларды оқшаулау мен жоюға бағытталған жұмыстардың координациясы;
- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында қолданылатын тәжірибелер өткізуге, техникалық қондырғылар, энергетикалық жабдықтар, жөндеу және өлшеу бақылау құралдарына уақытылы бақылау;
- технологиялық тәртіпті сақтауды үнемі бақылауға ұстау және т.б.

А.Д. АКИМНИЯЗОВ,
ҚР ТЖМ ӨҚКҚызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы

1 ЖЕЛТОҚСАН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖИТС-КЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) ұйғарымымен 1988 жылы бірінші рет 1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні ретінде аталып өтілді. Сол жылдан бастап мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың, сонымен қатар әр түрлі серіктестердің ат салысуымен Дүниежүзілік барлық елдерінде АИТВ/ЖИТС-ке әр түрлі іс-шаралар аталып өтілетін болды. 1999 жылдан бастап 1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС –ке қарсы күрес компаниясы болып өзгертіліп, АИТВ/ЖИТС-ның алдын алуға байланысты науқан жарияланып, әр түрлі алдын алу іс-шаралары ұйымдастырылып, өткізіледі. Биыл 20 қараша мен 1 желтоқсан аралығында «Адам құқықтары жолын дұрыс таңда!» тақырыбымен өткізіледі.

ЖИТС-ке қарсы күрес науқанын өткізудің басты мақсаты: - осы проблемаға қоғамның назарын аудару. - Қоғамда АИТВ жұқтырған адамдарды алалау, кемсіту, бөлу секілді көзқарастарды болдырмау. - АИТВ жайында түсініктерін кеңейту үшін мәліметтер беру. - АИТВ жұқтырғандарға медициналық, психосоциалдық, моральдық көмектің көрсетілуіне ықпал жасау. АИТВ проблемасына халықаралық, отандық, үкіметтік емес ұйымдарды тартып, бірігіп жұмыс жасау. ДДСҰ мәліметтеріне жүгінсек, әлемде ВИЧ (АИТВ-адамның имунитет тапшылығының вирусы) инфекциясын жұқтырғандар саны 50 миллионнан асып кеткен, оның ішінде шамамен 3,5 миллионы балалар. Алайда, барлық АИТВ-инфекциясын жұқтырғандардың ішінде 20-40 жас аралығындағылар басым көпшілігін құрап отыр. Сарапшылардың айтуынша, жер бетінде күн сайын шамамен 14 мың аталмыш ауруды жұқтырады. Жылма жыл осы дертке шалдыққандардың саны көбейе берді. Қазіргі таңда Қазақстанда 2024 жылдың 10 айында 3193 азаматтан тазартуға әлі ем жоқ, тек аурудың өмірін ғана ұзартуға мүмкіндік болып отыр.

АИТВ – инфекциясы қандай жолдармен таралады? Бірінші жолы – жыныстық қатынас арқылы, екінші жолы – екіқабат әйелдерден балаға немесе жаңа туған нәрестеге, үшінші жолы – қан арқылы, нашарқорлар арасында жиі кездеседі. Бұл дертке шалдыққан адамдарды емдеу үшін бір жылға 8-10 мыңға дейін АҚШ доллары қажет. Ағзаны толық вирустан тазартуға әлі ем жоқ, тек аурудың өмірін ғана ұзартуға мүмкіндік болып отыр. ЖИТС – бұл жұқтырылған имунитет тапшылығының синдромы, АИТВ инфекциясының соңғы сатысы. Адам ағзасында пайда болған қоздырғыш имундық жүйені маңызды клеткалары – лимфоциттерді жояды. Оларды Т4 жүйе деп атайды. Кез келген адам қанында бір текше миллилитрдің саны 800-ден 1200-ге дейін лимфоциттер болады. Егер бұл клеткалардың саны 500-ге төмендесе, адам әр түрлі қоздырғыштарды, микробтарды тез қабылдайды. ВИЧ көп жылдар бойы адам ағзасында өмір сүріп, оның алғашқы белгілері пайда болғанша басқа адамға жұғуы мүмкін. Көптеген адамдар АИТВ-ні өз басына төнеді деп ойлайды. Себебі қоздырғыш белгісі адам бойынан табылғаннан бастап ауру дамығанша 5-10 жыл өтуі мүмкін. Қазірдің өзінде «Ғасыр дерті» 25 млн-ға жуық адамның өмірін үзді. Алапат аурудан бойды бойды аулақ ұстау мен өз денсаулығыңды, болашағыңды қорғауды ең сенімді, тура жолы-есірткіден бас тарту және бейберекет, кездейсоқ жыныстық қатынастан бойды аулақ салу. Қазіргі кезде әр адам өз денсаулығы үшін, өсіп келе жатқан ұрпағы үшін ойлануы керек.

А.ОРАЗБАЕВА,
Сырдария ауданындағы ПӘК кабинетінің дәрігері

АИТВ/ЖИТС ТУРАЛЫ БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Адамның имун тапшылығы вирусы (АИТВ) ағзадағы қорғаныш жүйесін зақымдайды. Оны жұқтырған адамдардың көпшілігі бірнеше жылға дейін өзінің ауырғанын сезбей, сау адамша жүруі мүмкін. Ауру жұқтырған адам тиісті емін алмаса, уақыт өте келе оның бойындағы бұл дерт асқынып, жұқтырылған имун тапшылығы синдромына ұласуы мүмкін. Бұл кезде ағзадағы қорғаныш қабілетінің төмендейтіні соншалық, қарапайым тұмаудың өзі адамды өлімге әкеліп соқтырады.

ЖИТС дегеніміз не? ЖИТС (СПИД) – жұқтырылған имунитет тапшылығының синдромы. Қорғаныш жүйесі әлсіреген кезде адам кез-келген ауруды, әсіресе жұқпалы ауруларды (күрт ауруы – туберкулез, өкпе қабынуы) қабылдағыш болады.

АИТВ қалай жұғады? Қанға АИТВ қажетті мөлшерде түскенде жұғуы мүмкін. Құрамында АИТВ-ның жұғатын мөлшері бар организм сұйықтықтары, олар: қан, сәуіт, қынап сұйықтығы, ана сүті. Сілекей, тер, несеп құрамында қоздырғыш жұқтыратын мөлшерде болмайды. АИТВ зақымдалмаған тері арқылы немесе ауа арқылы тұмау қоздырғышы сияқты берілмейді.

АИТВ жұқпасының бірнеше жүту жолдары бар:

- Сақтанбай мүшеқапсыз (презервативсіз) жыныстық қатынасқа түсу кезінде;
- Лас инъекция құралын бірлесіп (кезектесіп) қолдану арқылы және/немесе есірткі дайындау құралдарын бірге пайдаланғанда;
- Стерильденбеген дене әшекейлеу (татуировка) және сырға салу (пирсинг) құралдарын бірлесіп (кезектесіп) қолдану арқылы;
- Егер бөтен адамның қырыну құралдары мен тіс шеткасын қолдана;
- Жүктілік, босану және емізу кезінде анандан балаға жұғу қауіпі жоғары болады;
- АИТВ-ны жұқтыру мүмкін

емес:

Кол алысу, құшақтасу, достық сүйісу, түшкіру мен жөтелу кезінде, бір асығысың, орамал-төсек құралдарын пайдаланғанда, бір душ пен дәретхананы қолданғанда, бірігіп спортпен шұғылданғанда, бір бөлмеде АИТВ-ны жұқтырған адамдармен тұрғанда және жәндіктер шаққанда жұқпайды.

АИТВ инфекциясы туралы білмей, басқа адамдарға жұқтыруға болады.

Қазіргі таңда АИТВ инфекциясының вирусын жоюға ешқандай дәрі жоқ, бірақ ЖИТС-тың дамуын баяулататын дәрі-дәрмектер бар. Жұғудың алдын алатын вакцина да жоқ. АИТВ инфекциясын жұқтырған немесе жұқтырмағанын білу үшін әуелі қанды арнайы лабораторияда тексеруден өткізу қажет. Ауру жұқтырған адамдардың қанында АИТВ-ға қарсы денелердің (антидене) табылғаны білінеді. Антиденелер – бұл қанға вирус түскеннен кейін жауап ретінде пайда болатын белоктар. Ауруды дер кезінде анықтап, тиісінше ем қолданатын болса, ағзадағы дерттің асқынуын тежеуге, сол арқылы адамның қалған өмірін сапалы да, саналы өткізуге мол мүмкіндік бар. Ол үшін мекен-жайы бойынша емханаға немесе облыстық ЖИТС орталығына келіп дәрігер кеңесін алуға, ақысыз және құпиялық сақталу негізінде АИТВ тестісін өтуге болады. Салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар үшін бұл



аурудан сақтануға толық мүмкіндік бар.

Әйтседе АИТВ/ЖИТС-тың алын алу мақсатында қаншама бағдарламалар қабылданып, іс-шаралар өткізіліп жатса да нәтижесіз, себебі инфекцияның алдын алатын вакцина әлі табылған жоқ. Сондықтан инфекцияның алдын алу әр адамның өз қолында. «Ел боламын десең бесіңді түзе»-деп М.Әуезов айттып кеткендей аты жаман індеттен жастарымызды, болашағымызды қорғауға бар мүмкіндікті жасауға асығайық. Еліміздегі халықтың кез-келген тобының мүшесі АИТВ-ның алдын алу шаралары жөнінде барынша хабардар болып, қауым болып жұмылған абзал. Осыған орай біз барлықтарыңызды осы жолда бірлесіп, белсенді қызмет жасауға шақырамыз. ЖИТС-ке қарсы күреске жеке өз үлесіңді қосу үшін сізге белгілі бір ресми ұйымның мүшесі болу міндетті емес. Бұл ауру туралы үнемі хабардар болып, аурудың болдырмау жолдарын сауатты түрде басқа да адамдарға жеткізе білудің өзі жеткілікті.

АИТВ инфекциясының қасіреті туралы қаншама айтылып жүрсе де, азаймағаны рас. Сондықтан, бұл дертпен жалғыз күреспей, бірлікте жұмыла күрессек, алынбас қамал жоқ. АИТВ инфекциясы ол жолдың шеті, өмірдің соңы емес. Байқаусызда от басып жұқтырып алған күнде де дәрігердің кеңесін бұлжытпай орындап, толыққанды айға алмасада өмірін ұзартып, қалған өмірін тек жасылықтарға құруға болады. «Тұңғыққа қарай берсең, бір күні ол саған қарайды» дейді халық даналығы. Сондықтан, өткенді ойлап өзіңді мүжігенше, келешек ұрпақ сенің қателіңді қайталамайтындай із бен ой тастау керек. Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Ашық аспанымызға қара бұлт төндірген заман кеселінен арылу, арылту – көкірегі ояу, көзі ашық әрбір азаматтың борышы. Ол үшін жеке бас және қоғамдық тазалықты сақтап, спортпен айналысып, зиянды әдеттерден аулақ болуымыз керек.

А.МОЛДАБЕКОВА,
дәрігер инфекционист

ДҰРЫС ЖОЛДЫ ТАҢДАҢЫЗ!

Жыл сайын 1 желтоқсанда Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні аталып өтеді. Бұл күні бүкіл әлемдегі адамдар АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қолдау көрсету үшін бірігіп, ЖИТС-пен байланысты аурулардан қайтыс болғандарды еске алады. Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні әр жылы белгілі бір тарқырыпта өтеді. Биылғы жылы бұл тақырып теңдікке арналып, 2024 жылы «Адам құқықтары жолын дұрыс таңда!» тақырыбында өтуде.

Бұл тақырып Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні әлемдік ауқымда алға қойған міндеттердің өсіп келе жатқан тізімін толықтырады. Алғаш рет 1988 жылы Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні жандық денсаулық сақтау тақырыбындағы алғашқы халықаралық күн болды. БҰҰ агенттіктері, мемлекеттер және азаматтық қоғам жыл сайын АИТВ-ға қатысты белгілі бір мәселелерге арналған науқанды өткізу үшін күш біріктіреді. Әлемнің барлық өңірлерінде ақпараттық іс-шаралар өткізіледі. Көптеген адамдар қызыл лента киінеді - ол АИТВ-мен өмір сүретін адамдармен айналысатын басқа да қоғамдық ұйымдар өздері жұмыс істейтін қауымдастықтарды қолдау және қаражат жинау бойынша күш-жігерді жұмылдыруда. Өткізілетін іс-шаралар ЖИТС-тің эпидемиясына байланысты істердің ағымдағы жай-күйіне жаппы назар аударлады. Бүгін Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні өзектілігін сақтап, адамдар мен үкіметтерге АИТВ әлі аяқталмағанын еске салады. АИТВ-ның адам өміріне әсері туралы хабардарлықты арттыру, стигма мен кемсітушілікті жою және АИТВ жұқтырған адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін ЖИТС-ке қарсы жүйеге қосымша қаржы ресурстарын тарту мәселесі әлі де маңыздылығын жоғалтпауда.

Әлемнің барлық өңірлерінде ақпараттық іс-шаралар өткізіледі. Көптеген адамдар қызыл лента киінеді - ол АИТВ-мен өмір сүретін адамдармен айналысатын басқа да қоғамдық ұйымдар өздері жұмыс істейтін қауымдастықтарды қолдау және қаражат жинау бойынша күш-жігерді жұмылдыруда. Өткізілетін іс-шаралар ЖИТС-тің эпидемиясына байланысты істердің ағымдағы жай-күйіне жаппы назар аударлады. Бүгін Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні өзектілігін сақтап, адамдар мен үкіметтерге АИТВ әлі аяқталмағанын еске салады. АИТВ-ның адам өміріне әсері туралы хабардарлықты арттыру, стигма мен кемсітушілікті жою және АИТВ жұқтырған адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін ЖИТС-ке қарсы жүйеге қосымша қаржы ресурстарын тарту мәселесі әлі де маңыздылығын жоғалтпауда.

Облыс көлемінде халықты, әсіресе жастар мен жасөспірімдерді зиянды әдеттерден сақтандыру, салауатты өмір салтына бағыттау, ЖИТС-тің алдын алу шараларын пәрменді жүргізу мақсатында 20 қараша мен 1-ші желтоқсан аралығында ЖИТС-ке қарсы жандық денсаулық сақтау тақырыбындағы алғашқы халықаралық күн болды. БҰҰ агенттіктері, мемлекеттер және азаматтық қоғам жыл сайын АИТВ-ға қатысты белгілі бір мәселелерге арналған науқанды өткізу үшін күш біріктіреді. Әлемнің барлық өңірлерінде ақпараттық іс-шаралар өткізіледі. Көптеген адамдар қызыл лента киінеді - ол АИТВ-мен өмір сүретін адамдармен айналысатын басқа да қоғамдық ұйымдар өздері жұмыс істейтін қауымдастықтарды қолдау және қаражат жинау бойынша күш-жігерді жұмылдыруда. Өткізілетін іс-шаралар ЖИТС-тің эпидемиясына байланысты істердің ағымдағы жай-күйіне жаппы назар аударлады. Бүгін Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні өзектілігін сақтап, адамдар мен үкіметтерге АИТВ әлі аяқталмағанын еске салады. АИТВ-ның адам өміріне әсері туралы хабардарлықты арттыру, стигма мен кемсітушілікті жою және АИТВ жұқтырған адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін ЖИТС-ке қарсы жүйеге қосымша қаржы ресурстарын тарту мәселесі әлі де маңыздылығын жоғалтпауда.

А.ОРАЗАЛИЕВА,
облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының баспасөз хатшысы

ШАЙЫРДЫҢ СОҢҒЫ ӨСИЕТ-ЖЫРЫ

1929 жылдың күзінде Қазалы қаласында Бостыбайұлы Өтеген есімді халыққа қайырымды ағартқыш бай 100 үйігіп, 100 ірі қара сойып, ата-бабасына бағыштап үлкен ас берді. Асқа Ақтөбе мен Қармақшы аралығынан мыңдаған адам шақырылып, палуандар күресі, аламан ат бөйгесі, ақын-жыраулар сайысы өтетін болыпты. Байназар Өтепов, Нұрсұлтан Жұбатов, Жамал Қонақбаев сынды ақындар, Арал-Қазалы өңірінен Жаңаберген, Жаппарберді, Кәрібоз, Дәрікүл, Жәмет жыраулар шақырылады. Бұл Нұртуған шайырдың ауруға тап болып, «Мырзас» көлінің жағасына шайыр тіксіріп, «өзіміздің ел қорғаған Сартай, Жанқожа, Ақтан, Жылқаман, Жылқайдар батырларымыз тұрғанда сонау сары ноғайдың батырларын жығға қосып, содан болды ма жазылымас ауруға тап болғаным» деп мұңға батып жатқан кезі екен.

Жаңаберген бастаған жыраулар Қазалыдағы асқа әуелі қамқор болып жатқан ұстаздары Нұртуғанға барып сәлем беріп, батасын алып аттанбақшы болып «Мырзасқа» келіп тоғысады. Олар ізетпен келіп, кезекпен сәлем бергенде төсек тартып жатқан Нұртуғанның бетіне қан жүгіріп, қатты қуанады. Жыраулар оның бір-бір жыр-термесін орындап, көңілін көтеріп, сапар мақсатын айтып, ақ батасын сұрайды.

Шәкірттерінің ықыласына, адал ниетіне қатты риза болып, қуаттанып қалған Нұртуған басын көтеріп ақтарыла ақ батасын береді. Сөйтіп басындағы жастығының астынан бір парак қағазды сұрып алып, «жолдарын болсын, Ғайып ерен қырық шілтен қорғаныштарын болсын. Мынау соңғы жазған жазбаларымның бірі еді. Осы жырымды ертең Қазалыда болатын аста реті келгенде жиналған халық алдында біреуін орындап берсендер» деп өтініш етеді.

Әуелі туған бәлесі Дәрікүл жырау «қанекі, мен көрейін» деп қағазды қол созып алып оқиды. Сөйтсе, «Құлақ сал әсіретке уа, Алашым!» деген кер заманның келесін істерін бағамдап, болашағын болжап жазған жыр екен. Оқып болып ләм-мим демей, келесі жырауға ұсынады. Ол кезде шаш ал десе, бас алатын «үштік» деген бәле, тырнақ астынан кір іздеген, сөз аңдыған сақандар бар. Солардан қорыққан жыраулар да үндемей қалады.

Ал Нұртуған төсекке қайта шөгө бастайды. Сол сәтте жеңі Жәмет жырау ең жасы, ер көңілді батыл жігіт екен «мен айтамын! Нүрексіңнен қалған жан, тәуекел!» деп еңкейіп келіп қағазды алады. Сонда шайыр қайта басын көтеріп «Жәметжан, бұл өлеңді айтқанда, тіміскіленіп жүретін «үштіктің» адамдары келіп сені ұстап алуы мүмкін. Сонда «үштік» өлеңі менкі емес, Нұртуған деген бәкесер бір түнде он шақты адаммен келіп байлап алып, «Мырзас» көлінің жағасына апарып, тамағыма қанжарын тақап тұрып «мына өлеңді ертең Қазалыда болатын үлкен аста орындайсың. Орындамасаң түбінде қатын, бала-шағанды осы жерге әкеліп көзінше бауыздап, артынан өзіңді бауыздаймын!» деді. Жан үшін қорыққаннан айттым деп шырылда! Ал сендер айнала қоршап, оның растығын дәлелдеп, жібермей тұрыңдар. Маған келе қойса, төрімнен көрім жақын жатқан адаммын ғой!» деп ақжол тілеп аттандырады.

Жәмет жолда келе жатып бас-аяғы алты шумак жырды жаттап алып, оны тез орындап шығатын төкпе мақам іздейді. Өзі білетін мақамдардан оған лайық ертерек өткен Бижан жыраудың төкпе мақамы дәл келіп үйлесіп кетеді. Кен ауқымда, дүрлідеп өткен асқа аламан ат бөйгесіне желден жүйрік тұлпарлар қосқан шабадоздар, айтулы түйе палуандар, арқалы ақын, жыраулар қатысып, өнер көрсетеді. Арал өңірінен келген ақын-жыраулар Нұртуғанның, өздерінің жауһар жыр-термелерін, асқақ үнді әсем ән-мақамдарын жырлап, жиналған халықты дүр сілкіндіріп ықылас-шаптыққа бөлейді. Кезек Жәмет жырауға келгенде бағырға да жан керек дегендей, Нұртуғанның «Құлақ сал әсіретке, уа Алашым!» термесін Бижан жыраудың төкпе мақамымен Тәңірге сыйынып, тез-тез төгіп айтып шығады. Айтқандай, бола берген кезде «үштіктің» тыңшылары келіп ұстайды. Ұстазы Нұртуғанның берген ақын-көнісін қолданып және айнала қоршаған ағартқыш ақын-жыраулардың көмегімен олардан зорға құтылып, бәрі де ауылдарына абырой-табыспен оралады. Ал бұл жығға тыйым салынып, мақам белгісіз болып, осы кезге дейін айтылмай, ешкімнің есінде қалмаған. Тек құймаққа ұстазым Үмбетәлі жырау арқалы маған жетіп, менің ұлым, музыка зерттеушісі Жандос Сидықовтың Арал, Қазалы өңірі жырауларының ән-мақамдарын жинақтап шығарған «Жыр мейігі – мақам» атты ғылыми кітабы арқалы халықтың рухани асыл қазынасына қайта қосылып байытты.

1929 жыл

Мұрат Сыдықов

Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері,
Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі,
ҚР мәдениет қайраткері, күйші-композитор,
ақын-жырау

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мұнайлы ауданы мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН150540010594) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 орам, 4 қабат, №305 кабинет, тел: 46-61-45

В связи с реорганизацией путем выделения государственного учреждения «Мунайлинский районный отдел культуры, физической культуры и спорта» (БСН150540010594), иски принимаются в 2-месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу: Мангистауская область, Мунайлинский район, село Мангистау, квартал 14, 4 этаж, кабинет №302, тел: 46-61-45.

РАДИАЦИОНАЛЫҚ АХУАЛДЫ ТЕКСЕРУ АКТІСІ

20.11.2024 ж.



Комиссия мүшелері, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық Сараптама Орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының Шиелі аудандық бөлімшесінің радиология зертханасының маманы Туленова Қарашаш Бейсенбайқызымен «РҮ-6» ЖШС-нің Радиациялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің І санатты техник-дозиметристері Әлібеков Шахмардан Есенбекұлымен Бердешов Құрманғазы Төлешұлының қатысуымен Шиелі ауданы бойынша, табиғи гамма сәулесінің тиімді доза қуатымен, пайдаланылып жүрген фивараттардағы радонның еншілес өнімдерінің ауадағы эквивалентті тепе-тең көлемді белсенділігіне тексеру жүргізілді.

1. Шиелі кенті
1.1. Орталық емхана
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,16 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10 – 17 Бк/м³
1.2. Әл-Фараби көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,11 – 0,14 мкЗв/сағат
1.3. № 270 қазақ орта мектебі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,09 – 0,15 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 11 – 14 Бк/м³
1.4. Орталық мешіт
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,16 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10 – 13 Бк/м³
1.5. Аудандық мәдениет үйі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,12 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9 – 14 Бк/м³
1.6. Темір жол вокзалы
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының

мөлшері 0,10 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10 – 16 Бк/м³
1.7. Орталық базар
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,11 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9 – 15 Бк/м³
1.8. Орталық стадион
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,09 – 0,13 мкЗв/сағат
2. Жахаев ауылы
2.1. Жахаев ауылдық мешіті
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 7 – 12 Бк/м³
2.2. Ауыл емханасы
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,11 – 0,15 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10 – 13 Бк/м³
2.3. З. Ерманова көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,14 мкЗв/сағат
2.4. № 149 А.С. Монтаев атындағы орта мектебі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,15 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 8 – 12 Бк/м³
2.5. Абай көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08 – 0,12 мкЗв/сағат
2.5. Жахаев көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,15 мкЗв/сағат
2.6. 18 квартал 10 үйі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,09 – 0,13 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9 – 13 Бк/м³
2.7. Темір жол асқа көпірі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,14 мкЗв/сағат

3. Байсын ауылы
3.1. Жаңақұрмыс ауылдық округі әкімшілік ғимараты
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,15 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 8 – 12 Бк/м³
3.2. Палмағанбетов көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,11 – 0,13 мкЗв/сағат
3.3. № 207 қазақ орта мектебі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,16 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10 – 15 Бк/м³
3.4. Байсын ауылдық мәдениет үйі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10 – 13 Бк/м³
3.5. Әлі ата мешіті
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,11 – 0,15 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 8 – 11 Бк/м³
Тексеру, мемлекеттік салыстырып тексеру сертификаттары бар: № 19691 кең диапазоны МКС-АТ117М радиометр-дозиметрі және № 05-21 РАМОН-02 радон-радиометрі үлгісіндегі аспаптармен жүргізілді.
Қорытынды: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 2 тамызында №ҚР ДСМ-71 бұйрығымен бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» Гигиеналық нормативтердің 29 тармағына сәйкес, өлшенген нүктелердегі гамма сәулесінің тиімді доза қуаты ашық жердегі дозаның қуатынан (0,20 мкЗв/сағат) және радонның еншілес өнімдерінің (ЕӨ) ауадағы эквивалентті тепе-тең көлемді белсенділігі (200 Бк/м³) рұқсат етілген шекті деңгейден аспайды.

Туленова Қ. Б.

Әлібеков Ш. Е.

Бердешов Қ. Т.

ТЕМІР ЖОЛ – ҚАУІПТІ АЙМАҚ

Темір жол - мемлекет экономикасының күре тамыры болып саналады. Ал мемлекеттің басты байлығы - халық. «Малым - жанымның садақасы» деген қазақи өлміз. Бірақ осы қағидаға ат - үсті қарап отырған жандар қазіргі уақытта көптеп кездесіп келеді.

Мал шаруашылығымен айналасатын қожалықтар, жеке адамдар темір жол аумағында өз малдарын қараусыз жіберу компания қызметкерлерін алаңдатып отыр. Сонымен қатар басты қазынамыз болып саналатын адамдардың өз өмірлерін қылып, жылжымалы құрамалардың астына түсуі оқиғаларында кездесіп тұрады.

«КТЖ» «ҰК» АҚ қарасты Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі Қоскөл – Сексеуіл - Түркістан тәлімі 712 – 947, 2319 – 3101 шақырым аралығына қызмет жасайды. Негізгі міндетіміз поездар қозғалысының қауіпсіздігін сақтау. Бөлімше қызметкерлері тынбай күндіз-түні жұмыс жасап отырғандарына қарамастан егесіз қараусыз малдардың жоғла шығып, жылжымалы құрамалардың жедел тежегіш қолдануы тоқтайды тұр. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің ұжымы қазан айында және соңғы он айдың ішінде жылжымалы құрамалардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, қауіпсіздіктің бұзылуына жол бермеген. Өндірістік жұмыс барысында пойыздың құлауы, апатты жағдайлар мен оқыс оқиғаларға орын алуына жол берілмей қауіпсіздікті сақтау шаралары қатаң сақталуда. Дегенмен адамдардың егесіз малдың жоғла шығуы, бөгде заттарды темір жолдың бойына қойып кетуі және өрт ережелерін сақтамауы салдарынан бөлімше бойынша пойыз машинисттерінің жедел тежегіш қолдануы бөлімше бойынша өткен жылдың он айында 27 рет, ал биылғы он айда 55 рет тіркеліп отыр. Бұның ішінде жыл басынан бастап 39 рет мал және 2 рет адам басу жағдайы орын алған. Егесіз малдың және бөгде адамдардың жоғла шығуы бөлімше ұжымын қатты елдендетіп отыр. Бұндай жағдайлар облыс аумағындағы барлық аудандар мен Қызылорда қаласы, сонымен қатар Түркістан облысы Сауран ауданы аумағында жиі болып тұр. Жылжымалы құрама машинисті темір жол үстінде жүрген бөгде адамды, не малды байқа-

ғанымен шұғыл тежегішпен толық тоқтағанша 600-800 метрдей жүріп тоқтайды. Егесіз малдың және тұрғындардың жоғла шығып кетуі үшін жыл сайын темір жол қоршауларына күнделікті және күрделі жөндеу жұмыстарын (тікенекті сыммен) жүргізіп отырамыз. 53 рет аудан әкімшіліктеріне хат жолданып, 3 рет әлеуметтік желілерге бейнероликтер жіберілді. Сонымен қатар тұрғындарға «Мал бағу ережелері» деген жаднама тартылды.

Желілік полиция бөлімі қызметкерлерімен бірлесіп жергілікті тұрғындар және мектеп оқушыларымен биылғы он айда 167 мәрте рейд жүргізілді. Рейд кезінде егесіз малдың және адамның жоғла шығу, жоғла бөгде заттарды қою және өрт қауіпсіздігін алдын алу т.б. іс-шаралар қамтылады. Бөлімше бойынша 16 күзетпелі және 25 күзетпесіз темір жол өткелдері бар. Он ай ішінде 421 рет рейд өткізіліп, 15214 автокөлік иелерін жол ережелерімен таныстырылды. ОПД ӘПБ қызметкерлерімен 1 мәрте өткелдерге тексеріс жүргізілген. Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында тұрғындарға хабарлама ретінде мыналарды айтқым келеді.

Темір жол – қауіпті де стратегиялық маңызы бар аймақ. Ол жерде бей-берекет жүруге, жол бойын жағалай мал бағуға және жол үстіне бөгде заттарды қойып кетуге болмайды, аймақта балаларды қараусыз қалдырып, жол ашықтар поезының терезесіне тас тастырмау керек. Көктем-күзгі егін жұмыстары, сенбілік кезінде және ауа температурасының жоғарғы жағдайында өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық-экологиялық норма талаптарын қатаң сақтау керек. Сондай-ақ авто көлік жүргізушілер темір жол өткелінде ЖЖЕ жазылған қағидаларды сақтауын сұраймыз. Егерде жоғарыдағы көрсетілген талаптар орындалмаса, ҚР Ата заңында, ҚР Әкімшілік Кодексінің 559 бабында көрсетілген тармақтар бойынша қатаң шара, оның ішінде айып түл қолданылатындығын тағы бір мәрте қайталап айтқанымыз артық емес деп ойлаймын.

А. ЕЛЕУСИНОВ,

Жол бөлімінің бастығы

БАЗАЛЫҚ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Негізгі жедел көмек көрсету әрекеттері:

1) Жәбірленуші мен сіз (команда) қауіпсіз екеніне көз жеткізіңіз;

2) Жәбірленушінің есін анықтау үшін иығынан түртіп, дауыстап шақырамыз: «Сізге бәрі жақсы ма, атыңыз кім, не болды?»

Егер жәбірленуші сұраққа жауап бермесе, онда: көмекке жедел жәрдем шақырамыз.

3) Ұйқы артериясынан тамыр соғысын екі жағынан анықтаймыз. Көзбен қарап дем алысын анықтаймыз, тыныс алу дыбыстарын тыңдаймыз, бетімді тақап демін сезіміз. Осының бәрін 10 сек ішінде жасалады. Егер жәбірленушіде тыныс алу қалыпты болмаса, жәбірленушіні арқасына, жақсырақ қатты бетке жақтырып, кеудесін басып, аяғын 30-45 градусқа валік көтеріп қоямыз;

4) Алақанды төстің төменгі бөлігіне орналастырып, екінші қолмен құлықа алып жүрек компрессиясын жасаймыз. Компрессия қатан түрде вертикальды бағытта, шынтақ буының бүкпей, терендігі 5 см, 1-ден 30-ға дейін дауыстап қысыды бастау, қысу жиілігі минутына 100 реттен кем болмау керек, бірақ минутына 120-дан аспау, 30 компрессия 18-20 секундта жасалады. Әр 30 компрессиядан кейін 2 рет жасанды дем беріледі.

5) Дем берер алдында ауыз қуысын қарап, бөгде заттар болса, жасанды протезі болса алып тастаймыз.

• Жәбірленушінің басын артқа шалқайтып, төменгі иекті алдыға қарай шығарып, жәбірленушінің аузын ашып, мұрын суаспақпен жабуып;

• Өкпеге ауа тартқаннан кейін ерінмен жәбірленушінің аузын толығымен жабуып, 2 рет дем жібереміз, арасы 1 сек. Компрессия мен дем берудің қатынасы 30:2.

• Жасанды желдетудің тиімділігі кеуде қуысының қозғалысы бойынша бағаланады.

• Желдетудің негізгі міндеті - ағзаны жеткілікті оттегімен қамтамасыз ету және көмірқышқыл газын шығару, ол үшін тыныс алудың онтайлы көлемі, тыныс алу жиілігі мен оттегінің концентрациясы қажет.

6) Содан кейін қолдар өз орындарына қайтарылады және бәрі қайталанатын (30 компрессия мен 2 тыныс циклы) - 2 минутқа тоқтайды (бес цикл).

Жүрек-өкпе реанимациясы тыныс алу-қысу коэффициенті 30: 2 болатын циклдарда жалғасады

1 цикл = 30: 2 (24 секунд),

1 период = 5 цикл (2 минут),

7. Егер жәбірленуші есін жинай бастаса, қозғалса, көзін ашып, өздігінен тыныс алса, реанимацияны тоқтатуға болады. Басқа жағдайларда реанимацияны (BLS) жалғастырамыз.

Ә.Т. ТӨРЕМҰРАТҚЫЗЫ,

Қазалы аудандық көп бейімді орталық

аурухана мейіркесі

2024 жылғы IV тоқсанда Жалағаш аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Нурмаханов Бахытбек Шамшатбекович	«Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы	Сәрсенбі күні сағат 16:00 ден 17:00-ге дейін	Апта сайын

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншайбаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Таспырыс №260

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/